

№6 «Ақкогершін» бөбекжай балабақшасы

● «Жасыл шырша жанында»

(Жаңа жыл ертеңгілігі)

№5 «Ақбота» мектепалды тобы

24.12.2024ж

Тәрбиеші: Мұқанбетова А.Қ.

24.12.2024ж

№5 «Ақбота» мектепалды тобы

Тақырыбы: «Жасыл шырша жанында»

Мақсаты: балаларда мерекелік көңіл күй тудыру; шыршаның қалай әдемі де сәнді безендірілгеніне, көңілді ойындар ойнату, достық қарым-қатынасын ояту, бірлескен ойындар ойнату, аудиторияға мерекелік көңіл күй жасау.

Шынашақ:

Сәлем достар аман ба?

Шырша құрып алаңға

Жылға шашу шашайық

Тойлап көңіл алайық

Музыка әуенімен балалар муз залына кіреді, осы кезде Шынашақ қар шашады

Тәрбиеші:

Өлеңде әзір – ән әзір

Ойында әзір- бәрі әзір

Кел жана жыл біздерге

Кел жаңа жыл жаңа жыл!

Құрметті қонақтар жаңа жылдарыңыз құтты болсын!

Такпақтар:

Гүлдария:

Жасыл желек жамылған.

Асыл моншақ тағынған

Міне сұлу шыршамыз

Көптен күтіп сағынған.

Диана:

Келді, келді жана жыл

Қуанып қарсы ала біл

Аяз ата сыйлығын

Алайық айтып жана жыр

Айнамкөз:

Дала нұр, қала нұр

Құтты болсын жаңа жыл

Кел жаңа жыл біздерге

Кел жана жыл жана жыл

Сұлтан:

Шеберін ай аяздың

Өрнектерді қағаз гып

Шекейлеп қойыпты

Бірнеше ою ойыпты

Кенесары:

Көңілде көп қуаныш

Әр көңілде жақсы үміт

Кетер жылға мың алғыс

Әкелген көп жақсылық

Ислам Қ.

Жүзімізге күлкі ойнап

Қанаттанды жанымыз

Жаңа жылды біз тойлап

Шаттанамыз бәріміз

(Музыка әуенімен ішке Буратино кіреді)

Буратино:

Жана жыл келді, жана жыл ту-ту-ту

Жаңа жылда - а, жаңа жыр ту-ту-ту

Жасыл шырша жанында,

Отыр міне көп бала

Кәнеки балалар, менің атым кім?

Амансыңба, қыздарым?
Қандай әсем жырларың?
Асулармен алыстым,
Асау жолмен жарыстым
Мерекеге асығып,
Өздеріңмен табыстым:

Ақшақар:

Қараңыз мынау шыршаға
Неткен әсем көрікті
Жаңа жылдық думанға
Аяз ата келіпті
Балалар да көңілді
Би билеп жүр ән салып
Жаңа жыл жаңа өмірлі
Қуанышпен қарсы алып

Аяз ата: Балалар мынау не отырыс? Шырша шамдары неге жанбаған? Қәне менің асатаяғым шыршаны жак. Шырша, шырша шамдарыңды жарқырат (шырша жанбайды) Бұл шыршаға не болған?

Буратино:

Аяз ата шыршаны Қарабас-Барабас сакалымен орап кетті

Аяз ата: Кәзір мен Қарабас-Барабастың сакалын жоқ қылайын (үріп сакалын жоқ қылдырып тастайды)

Шырша, шырша шамдарыңды жарқырат(шырша шамдары жанады)

Бәрекелді, өте тамаша (балалар барлығы қол шапалақтайды)

Ақшақар: Балалар бәріміз бірге Аяз атаға шыршаның айналасында ән шырқап берейік

ӘН: « Көш келдің Аяз ата Ақшақар»

Аяз ата: Жарайсыңдар балалар, енді кім маған тақпақ айтып береді?

Адина:

Әдемiлеп тізілген
Ойыншықтар тізілген
Қандай жаксы шыршамыз
Ән шырқайық баршамыз
Еңжарлықты тастайық
Шырша тойын бастайық!

Хадия:

Аяз қысып, өрнек сызып,
Терезені торлайды
Қарға омбығып
Бет домбығып

Балдырғандар ойнайды

Асылым:

Аспан жерге төгеді
Ақ күмісін уыстап
Жаңа жылда келеді
Бізге қарай жылыстан
Көрсін біздей балғынды
Шырқатайық ән-жырды

Абдул азиз:

Ақшақарға малынып
Аппак тонын жамылып
Сакалы мен мұртына
Күміс моншақ тағынып
Аяз ата келеді
Балаларды сыйғынып

Амира:

Сакалының ұшымен-ай
Сәу диярған мұзымен-ай
Жарқыраған оттары

алалар: Бу – ра – ти – но! Буратино

уратино: Саламатсыңдар ма балалар, Жаңа жылдарың құтты болсын!

алалар: Рахмет!(бәрі бірге)

уратино: Балалар айтыңдаршы, сендер менің досым Мальвинаны көрген жоқсыңдар ма?

алалар: көрдік

әрбиеші: Буратино, Буратино сен біздің қыздарымыздың арасынан досың Мальвинаны өзің тауып ал.

Әзір біздің қыздарымыз «Мальвина» биін билейді

уратино: Балалар сендер бәрің мальвинасыңдарго, сендер бәрің менің достарымсыңдар.

Тәрбиеші:

Амаша! Тамаша!

Селді міне жаңа жыл

Қарсы алайық бәріміз

Күліп, ойнап, би билеп

Ән салайық дөңгелеп, кел Буратино достарыңмен бірге ән шырқа

Ән: «Көптен күткен жаңа жыл келді»

Балалар шыршаның айналасында тұрып ән салады

Ақшақар:

Сәлеметсіздерме балалар! Қонақтар!

Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!

Жаңа жыл барлықтарыңызға күміс күлкі әкелсін.

● мандық деген болмасын,

Жақсылық сіздерді қолдасын

Ақшақар:

Ой, балалар енді әсем шырша мерекесіне кім келу керек? Қане жұмбақ шешейік?!

Қызыл бөркі басында

Ұзын таяғы қолында

Сакалының ұзынын –ай

Шапанының қызылын-ай!

Балалар: Аяз ата (бәрі бірге)

Ақшақар:

Дұрыс, кәне балалар олай болса Аяз атаны бәріміз шақырайық

Балалар: Аяз ата (3 рет)

(Осы кезде муз залына Аяз атаның орнына Карабас-Барабас кіріп келеді)

Карабас-Барабас:

Тыныш балалар

Мен Карабаспын

Ұсқынсыз Барабаспын

● ындай қорқыныштымын

Мен бәріне таныспын.

Буратино:

Кәзір мен ол Карабас-Барабасқа көрсетейін

(Буратино Карабасты мазақтап шыршаны айналып жүгіреді, сол кезде Карабас артынан қуып сакалын шыршаға оратып алады)

Карабас-Барабас: Ойбай, ойбай мына Буратино мені қайтты, енді не істеймін?!

Буратино: Көмек берейін бе?

Карабас-Барабас: Иә(Буратино сакалын қиып тастайды)

Карабас-Барабас: Ойбай, маскара, мына Буратино менің сакалымды не істеді?

(Шыршаның айналасында бір рет жүгіріп, сакалын ұстап шығып кетеді)

Тәрбиеші:

Жасыл шырша шамдары

Қандай әсем жанғаны

Үнсіз неге қаламыз?

Аяз атаны ортаға шақырамыз

Балалар: Аяз ата(3 рет)

Аяз ата:

Келе жатырмын, келе жатырмын!

Амансыңба, ұлдарым?

да жылдың қызығы-ай
ддір:

аршамызды әсемдеп
шырқаймыз билейміз
мізде күлімдеп
бырқауды білмейміз

арлап:

аңа жылда жаңаша
қпақ айтамыз
елсын риза балаша
ппақ атамыз

йназ:

өлейміз де ойнаймыз
алғын ұл-қыздар
сана жылдай жайнаймыз
сарқын жұлдыздар

аянна:

Ақ қырауға малынып,
Сақалы да мұрты да
Аяз ата сағынып

Асем берді жұртына

Аяз ата: Балалар сендердің тағы қандай өнерлерің бар?

Буратино: Кәнекей балалар Аяз атаға өз өнерімізді көрсетейік

БН: «Буратино»

Аяз ата: Балалар жарайсыңдар! Сендер қандай ақылды, тапқыр, өнерлі бала едіңдер? Ал қарақтарым, мені күтіп отырған қаншама ел мен жер бар. Сонда барайын. Сендерге көп көп рахмет. Өнерлерің өрге жүзсін. Биік шыңдардан көрініңдер! Қош сау болыңдар!

Тәрбиеші:

Ән қосылып әніне
Сән қосылып сәніне
Ой қосылып ойыңа
Бой қосылып бойыңа
Аман-есен жетейік
Келесі жаңа жылдың тойына!



